

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 және 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 24 ақпан N 192

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

IV "Шығындар" деген бөлімде:

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" деген функционалдық топта:

212 "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген әкімші бойынша:

032 "Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалау" деген бағдарламада:

030 "Жетісу гидрогеология - мелиоративтік экспедициясы 61059" деген кіші бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"030 Гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициялар 61059";

2) "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына:

көрсетілген қаулыға 118-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақта:

"Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы" деген 4-бағанда:

"Жетісу гидрогеология-мелиоративтік экспедициясы" деген сөздер "Гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Штат саны 192 адам үш мемлекеттік мекемені ұстау, оның ішінде:

"Жетісу гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" мемлекеттік мекемесі қаржыландыру сомасы 23464 мың теңге штат саны 68 адам - 700000 гектар алаңдағы суармалы жерлерді және 14155 гектар алаңдағы Жер суландыру және дренаж

жүйелерін жетілдіру жобасының (СДЖЖ) объектілерінде агромелиоративтік зерттеуді, 8282 өлшемді жерасты суларының тұздылық-деңгейлік режимдерін стационарлық гидрогеологиялық қадағалауды, 528 өлшем коллекторлық-дренаж жүйелерінің ағындылығын гидрогеологиялық қадағалауды, 400 бірлік скважиналарды ағымдағы жөндеуді, 33361 гектарда топырақты-тұзды жерлерді түсіруді; 4900 шартты бірлік зертханалық талдауларды, суармалы жерлердің есебін және картографиялық материалын жасауды және суармалы жерлердегі теріс әрекеттерді азайту жөніндегі ұсынымдар мен іс-шараларды әзірлеуді жүзеге асыру үшін;

"Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" мемлекеттік мекемесі қаржыландыру сомасы 23702 мың теңге штат саны 74 адам - 595000 гектар алаңдағы суармалы жерлерді және 9637 гектар алаңдағы Жер суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасының (СДЖЖ) объектілерінде агромелиоративтік зерттеуді, 24400 өлшемді 13 стационарлық алаңда жерасты суларының тұздылық-деңгейлік режимдерін стационарлық гидрогеологиялық қадағалауды, 2000 шартты қадағалауды коллекторлық-дренаж жүйелерінің ағындылығын гидрогеологиялық қадағалауды, 600 бірлік скважиналарды ағымдағы жөндеуді, 7000 гектарда топырақты-тұзды жерлерді түсіруді, 4800 шартты бірлік зертханалық талдауларды, суармалы жерлердің есебін және картографиялық материалын жасауды және суармалы жерлердегі теріс әрекеттерді азайту жөніндегі ұсынымдар мен іс-шараларды әзірлеуді жүзеге асыру үшін ;

"Қызылорда гидрогеологиялық мелиоративтік экспедициясы" мемлекеттік мекемесі қаржыландыру сомасы 13893 мың теңге штат саны 50 адам 300000 гектар алаңдағы суармалы жерлерді және 1034 гектар алаңдағы Жер суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасының (СДЖЖ) объектілерінде агромелиоративтік зерттеуді, 10000 өлшемді 1 стационарлық алаңда жерасты суларының тұздылық-деңгейлік режимдерін стационарлық гидрогеологиялық қадағалауды, 200 шартты қадағалауды коллекторлық-дренаж жүйелерінің ағындылығын гидрогеологиялық қадағалауды, 300 бірлік скважиналарды ағымдағы жөндеуді, 2000 гектарда топырақты-тұзды жерлерді түсіруді, 3000 шартты бірлік зертханалық талдауларды, суармалы жерлердің есебін және картографиялық материалын жасауды және суармалы жерлердегі теріс әрекеттерді азайту жөніндегі ұсынымдар мен іс-шараларды әзірлеуді жүзеге асыру үшін "

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*